

Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 1 сәуірдегі N 161 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 7 мамырда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5214 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 15 қаңтардағы № 10 Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 15.01.2013 № 10 Бұйрығымен.

Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 2010.07.09 N 365 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Бұйрығымен.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңның 5-бабы 11) тармақшасын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі ережесі бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті (С. Өмірбаев) осы бұйрықты белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге ұсынсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым вице-министрі К. Шәмшидиноваға жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланғаннан кейінгі он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Ж. Түймебаев

" К е л і с і л д і "

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Д е н с а у л ы қ с а қ т а у м и н и с т р і
----- А. Д е р н о в о й

2008 жылғы " " "

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Б і л і м ж ә н е ғ ы л ы м м и н и с т р і н і ң

Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі ережесі

Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 2010.07.09 N 365 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Бұйрығымен.

1. Жалпы ережелер

1. Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына қабылдаудың үлгі ережесі (бұдан әрі - Ереже) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі және «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы Заңдарына сәйкес әзірленді.

Ескерту: 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 2011.05.30 № 224 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

2. Ереже азаматтарды жоғары оқу орындарының магистратурасына, адъюнктурасына және докторантурасына, жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдардың резидентурасына қабылдаудың тәртібін айқындайды.

Ескерту: 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 2011.05.30 № 224 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

3. Жоғары оқу орындарының магистранттарының, адъюнкттарының жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдардың резидентурасының тыңдаушыларының контингентін қалыптастыру ғылыми және педагогикалық кадрларды даярлауға (Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің білім беру ұйымдарында мамандарды даярлаудан басқа) мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру, сондай-ақ азаматтардың өз қаражаттары және басқа да көздері есебінен оқу ақысын төлеу арқылы жүзеге асырылады. Докторанттардың контингентін қалыптастыру мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде жүзеге асырылады.

Басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын қазақ ұлтының тұлғалары Қазақстан Республикасы азаматтарымен тең жоғары оқу орнынан кейінгі білім алады.

Қазақстан Республикасында тұрғылықты тұратын азаматтығы жоқ тұлғалар мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде ақысыз жоғары оқу орнынан кейінгі білім ала алады, егер олар осы деңгейдегі білімді бірінші рет

а л а т ы н

б о л с а .

Басқа шетелдік азаматтар жоғары оқу орындарына, денсаулық саласындағы ғылыми ұйымдарға Қазақстан Республикасының заңнамасында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда белгіленген тәртіппен қ а б ы л д а н а д ы .

Ескерту: 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 2011.05.30 № 224 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

4. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігіне, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне, Қазақстан Республикасы Экономикалық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігіне (Қаржы полициясы), Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясына ведомстволық бағынысты жоғары оқу орындарының магистратура, адъюнктура және докторантурасына азаматтарды қабылдау білім беру саласындағы уәкілетті органымен келісілген жеке нормативтік құқықтық а к т і л е р м е н р е т т е л е д і .

Ескерту: 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 2011.05.30 № 224 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

5. Жоғары оқу орындарының магистратурасына, адъюнктурасына және докторантурасына, жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдардың резидентурасына азаматтарды қабылдау түсу емтихандарының қорытындысы бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

Ескерту: 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 2011.05.30 № 224 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

5-1. Test of English as a Foreign Language (TOEFL, шекті балл - кемінде 560), International English Language Tests System (IELTS, шекті балл - кемінде 6.0), Grundbaustein DaF (шекті балл - C 1), Deutsche Sprachprüfung für den Hochschulzugang (DSH, шекті балл - C 1), Diplome d'Etudes en Langue française (DELF, шекті балл - B 2), Diplome Approfondie de Langue française (DALF, шекті балл - C 1) Test de connaissances de française (TCF, шекті балл - кемінде 400) бағдарламалары бойынша шет тілінен (ағылшын, француз, неміс) тест тапсырғандығы туралы расталған сертификаты бар Қазақстан Республикасының азаматтары магистратураға, резидентураға, адъюнктураға және PhD докторантураға түсу кезінде шет тілінен түсу емтихандарынан босатылады.

Ескерту. Үлгі ереже 5-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 2010.07.09 N 365 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Бұйрығымен.

6. Магистратураға, резидентураға, адъюнктураға және докторантураға қабылдауды дайындау мамандықтарын көрсете отырып, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы хабарлайды.

Ескерту: 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 2011.05.30 № 224 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

6-1. Мақсатты түрде даярлау шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға үміткер азаматтардың өтініштерін қабылдау базалық жоғары оқу орындарында жүзеге асырылады.

Магистрлер мен философия докторларын (PhD)/бейіні бойынша докторларды мақсатты даярлау - мүдделі тараптардың шарт жасауы негізінде жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша жоғары оқу орындарының және ғылыми ұйымдардың шаралары мен іс-қимылдарының жүйесі.

Ескерту: 6-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 2011.05.30 № 224 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

7. Жоғары оқу орындарының магистратурасына, адъюнктурасына және докторантурасына, жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдардың резидентурасына түсушілердің өтінішін қабылдау 1-30 шілде аралығында өткізіледі.

Магистратура, резидентура, адъюнктура және докторантураға түсу емтихандары 1 тамыздан 20 тамызға дейін, қабылдау - 31 тамызға дейін өткізіледі.

Ескерту: 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 2011.05.30 № 224 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

8. Магистратура, адъюнктураға түсу емтихандарының бағдарламаларын жоғары оқу орындары, жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдардың резидентурасына жоғары білім беру пәндері бойынша үлгі бағдарламалардың негізінде қалыптастырады.

Докторантураға түсу емтихандарының бағдарламаларын жоғары оқу орындары магистратураның кәсіби оқу бағдарламаларының негізінде қалыптастырады.

Ескерту: 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 2011.05.30 № 224 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

2. Магистратура, резидентура, адъюнктура және докторантураға түсуші тұлғаларды қабылдау тәртібі

9. Магистратураға, резидентураға, адъюнктураға жоғары білім беру кәсіби оқу бағдарламаларын игерген азаматтар қабылданады.

10. Магистратураға, адъюнктураға жоғары оқу орындарына, резидентураға - жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдарына түсуші тұлғалар келесі құжаттарды тапсырады:

- 1) ұйым басшысының атына өтініш;
- 2) жоғары оқу орнын бітіргендігі туралы нотариальды куәландырылған құжат , интернатурада оқығандығы туралы құжат (резидентураға түсу үшін), осы Ереженің 5-1-тармағында көрсетілген бағдарламалар бойынша тест тапсырғандығы туралы сертификат көшірмесі;
- 3) бар болған жағдайда кадрлар есебі бойынша жеке парағы және нотариальды куәландырылған еңбек кітапшасының көшірмесі;
- 4) 3,5x4,5 көлеміндегі алты фотосурет;
- 5) 086-У нысанындағы медициналық анықтама қағазы;
- 6) жеке куәлігінің көшірмесі;
- 7) бар болған жағдайда ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстарының тізімі;
- 8) ақылы негізде түсушілер үшін шартқа отыруды және оқудың шығыстар төлемақысын кепілдендіретін хат;

9) құжаттар тізімдемесі.

Ескерту. 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 2010.07.09 N 365 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз), 2011.05.30 № 224 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі) Бұйрықтарымен.

11. Докторантураға:

- 1) "магистр" академиялық дәрежесі бар;

2) Алынып тасталды.

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 2011.05.30 № 224 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

12. Докторантураға түсуші тұлғалар жоғары оқу орындарына келесі құжаттарды тапсырады:

- 1) ұйым басшысының атына өтініш;
- 2) зерттеу тақырыбы бойынша қазақ немесе орыс тілдерінде автореферат
н ы с а н ы н д а ғ ы негіздеме;
- 3) жеке куәлігінің көшірмесі;
- 4) білімі туралы нотариальды куәландырылған құжаттар, осы Ереженің 5-1-
тармағында көрсетілген бағдарламалар бойынша тест тапсырғандығы туралы
с е р т и ф и к а т көшірмесі;
- 5) бар болған жағдайда ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстарының
т і з і м і ;
- 6) 086-У нысанындағы медициналық анықтама қағазы;
- 7) бар болған жағдайда кадрлар есебі бойынша жеке қағазы және
нотариальды куәландырылған еңбек кітапшасының көшірмесі;
- 8) басқа оқу орындарында, аспирантурада оқығандығын куәландыратын
қ ұ ж а т т а р көшірмесі;
- 9) құжаттар тізімдемесі.

Ескерту: 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 2011.05.30 № 224 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

3. Түсу емтиханын өткізудің тәртібі

13. Магистратураға, резидентураға, адъюнктураға және докторантураға түсуші түсу емтихандарын тапсырады:

- 1) бір шет тілі бойынша (ағылшын, француз, неміс);
- 2) мамандық бойынша.

Ескерту. 13-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 2010.07.09 N 365 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Бұйрығымен.

14. Магистратураға, резидентураға, адъюнктураға және докторантураға түсуші шетел азаматтары түсу емтихандарын тапсырады:

- 1) қазақ немесе орыс тілдері бойынша (оқыту тілі);
- 2) мамандық бойынша.

15. Басқа шет тілдері (араб, қытай, түрік, жапон тілдері және басқалар) бойынша емтихан тапсыру туралы және (ауызша, жазбаша) емтихан тапсыру нысаны бойынша мәселе білім беру саласындағы уәкілетті органның келісімі бойынша жоғары оқу орнының қабылдау комиссиясы шешеді және жеке тәртіпте қарайды.

16. Магистратураға, адъюнктураға және докторантураға жоғары оқу орнында, резидентураға жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдарда түсу емтиханын өткізу мерзімінде қабылдау және мамандықтар бойынша емтихан комиссиялары

қ ұ р ы л а д ы .

Ескерту: 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 2011.05.30 № 224 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

17. Қабылдау комиссиясының төрағасы жоғары оқу орнының немесе денсаулық саласындағы ғылыми ұйымның басшысы болып табылады.

Ескерту: 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 2011.05.30 № 224 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

18. Мамандықтар бойынша емтихан комиссиясы берілген өңірдегі жоғары оқу орындары мен денсаулық саласындағы ғылыми ұйымдардың мамандықтарға сәйкес жоғары білікті ғалымдардың санынан құралады.

Мамандықтар бойынша емтихан комиссиясының құрамы төрағадан және үш мүшеден тұрады, оның ішінде екеуі ғылым докторы, қалғандары мамандық бейіні бойынша ғылым кандидаттары болуы қажет.

Мамандықтар бойынша емтихан комиссиясының құрамы жоғары оқу орындары немесе денсаулық саласындағы ғылыми ұйымдары басшысының б ұ й р ы ғ ы м е н б е к і т і л е д і .

Мамандық бойынша емтиханды өткізу нысанын қабылдау комиссиясы а н ы қ т а й д ы .

Ескерту. 18-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 2011.05.30 № 224 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

19. Шет тілі, қазақ және орыс тілдері бойынша түсу емтихандары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығы әзірлеген технология бойынша тапсырылады.

Ескерту. 19-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 2010.07.09 N 365 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Бұйрығымен.

20. Түсу емтихандарды қайта тапсыруға жіберілмейді.

21. Түсу емтихандарының қорытындыларымен келіспеген азамат жазбаша түрде апелляциялық өтінішті беруіне болады.

Осы мақсатта апелляциялық комиссия екі түрде құрылады: шет тілі, қазақ және орыс тілдері және мамандық бойынша.

4. Магистратураға, резидентураға, адъюнктураға және докторантураға қабылдау

22. Магистранттар, резидентураның тыңдаушылары, адъюнкттар және докторанттар қатарына қабылдауды қабылдау комиссиясы жүзеге асырады.

23. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға қабылдау түсу емтихандарының қосындысында шет тілі және мамандық бойынша кемінде 8 балл (әр пән бойынша білімді бағалаудың 4 баллдық шкаласы бойынша) жинаған тұлғалар жіберіледі.

24. Осы Ережеге қосымшаға сәйкес бағалардың 100 балдық шкаласы бойынша конкурстық балдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда мамандық бойынша, шет тілі, қазақ және орыс тілдері бойынша ең жоғары баға алған азаматтар қабылдау кезінде басым құқыққа ие болады. Содан кейін таңдалған бейінге сәйкес ғылыми жетістіктері ескеріледі.

Ескерту. 24-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 2010.07.09 N 365 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Бұйрығымен.

24-1. Магистрлер мен философия докторларын (PhD)/бейіні бойынша докторларды даярлау мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша мақсатты орындарға азаматтарды қабылдау конкурс негізінде нақты бір тапсырыс берушінің мақсатты орнынан үміткер адамдар арасында жеке өткізіледі.

Ескерту: 24-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 2011.05.30 № 224 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

24-2. Мақсатты даярлау шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға түскен әрбір магистрантпен/докторантпен «базалық жоғары оқу орны - жоо/ғылыми ұйым - магистрант/докторант» үлгісінде үш жақты шарт ж а с а л а д ы .

Ескерту: 24-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 2011.05.30 № 224 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

25. Жоғары оқу орындары және ғылыми ұйымдар, жеке меншік нысанына қарамастан, білім беру саласындағы уәкілетті органға он күндік мерзім ішінде қабылдауды ұйымдастыру және өткізу бойынша қорытынды есепті, сонымен қатар магистратураға, резидентураға, адъюнктураға және докторантураға қабылдау туралы бұйрықтар көшірмелерін ұсынады.

26. Оқуға қабылдаудың тәртібі осы Үлгі ережесінде реттелмеген жағдайда, жоғары оқу орнының және ғылыми ұйымның құрылтайшысы немесе құрылтайшылары (мемлекеттік басқару органы) белгілейді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Б і л і м ж әне ғы л ым м и н и с т р і н ің

2 0 0 8 ж ыл ғы 1 с ә у і р д е г і

N 161 бұйрығына қосымша

Күші жойылды деп танылған Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының магистратурасына қабылдаудың типтік ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 29 мамыр 2003 жылғы N 354 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2383 тіркелген) 2003 жылғы N 23-24 Нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде жарияланған;

2. ""Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының магистратурасына қабылдаудың типтік ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2003 жылғы 29 мамырдағы N 354 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2004 жылғы 5 маусымдағы N 520 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2929 тіркелген) "Заң" газетінің N 149 санында 16 тамыз 2005 жылы жарияланған;

3. "Аспирантура мен докторантураға қабылдаудың Типтік ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2004 жылғы 23 шілдедегі N 645 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3005 тіркелген) "Заң" газетінің N 147-148 санында 12 тамыз 2005 жылы жарияланған;

4. ""Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының магистратурасына қабылдаудың типтік ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 29 мамырдағы N 354 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2004 жылы 13 тамыздағы N 683 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3049 тіркелген) "Заң" газетінің N 147-148 сандарында 12 тамыз 2005 жылы жарияланған;

5. "Адъюнктураға қабылдаудың үлгі ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2004 жылғы 23 қарашадағы N 962 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3305 тіркелген) "Заң" газетінің N 147-148 сандарында 12 тамыз 2005 жылы жарияланған;

6. "Клиникалық ординатураға қабылдаудың үлгі ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2004 жылғы 23 қарашадағы N 963 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3304 тіркелеген) "Заң" газетінің N 147-148 сандарында 12 тамыз 2005 жылы жарияланған;

7. ""Аспирантура мен докторантураға қабылдаудың типтік ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2004 жылғы 23

шілдедегі N 645 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2005 жылғы 13 мамырдағы N 299 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3656 тіркелген) 2005 жылғы 23 қарашада "Заң" газетінің N 217 санында жарияланған;

8. ""Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының магистратурасына қабылдаудың типтік ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 29 мамырдағы N 354 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 26 қыркүйектегі N 646 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу реестрінде N 3911 тіркелген) "Заң" газетінің N 233-234 сандарында 14 желтоқсан 2005 жылы жарияланған;

9. ""Аспирантура мен докторантураға қабылдаудың типтік ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2004 жылғы 23 шілдедегі N 645 бұйрығына өзгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2006 жылғы 15 мамырдағы N 260 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4233 тіркелген) "Заң" газетінің N 99-100 сандарында 2 маусым 2006 жылы жарияланған;

10. ""Клиникалық ординатураға қабылдаудың үлгі ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2004 жылғы 23 қарашадағы N 963 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 19 сәуірдегі N 202 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4663 тіркелген) ;

11. ""Аспирантура мен докторантураға қабылдаудың типтік ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2004 жылғы 23 шілдедегі N 645 бұйрығына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 17 мамырдағы N 252 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4705 тіркелген)